

**"Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасының Күзет және қадағалау бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 шілдедегі N 731 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасының Күзет және қадағалау бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасының Күзет және қадағалау бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3 . < \* >

*Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.*

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі